

2011 жылы шақыру учаскесіне 1994 жылғы туған еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарының тіркеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1 шешімі. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда № 9-13-118 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2011 жылғы қаңтар-наурызға дейін "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне аудан аумағындағы 1994 жылы туған еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарының тіркеуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қарасу және Октябрь ауылдарында шақыру пункттері ұйымдастырылсын.

3. Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы "Қарасу аудандық орталық ауруханасы" (келісім бойынша), Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының "Октябрь селолық ауруханасы" (келісім бойынша) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың бас дәрігерлері "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуі ұсынылсын.

4. Селоның, селолық округтің әкімдері және ұйымдардың басшылары әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды олардың ауданның жергілікті әскери басқару органдарына шақырылғаны туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етуге міндетті.

5. "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) "Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеуге арналған жүктелімді оқу орындарына жеткізсін, бастапқы әскери оқытушы-ұйымдастырушыларын әскери оқу орындары бойынша анықтама материалдарымен қамтамасыз етсін, олардың жұмысын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұйымдастырсын, әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу бойынша жұмыстың басталғаны жөнінде хабарландыру берсін. Әскери оқу орындарына түсуге әскери-кәсіптік бағдар беру мақсатында тізімге алу уақытында әр әскерге шақыру жасына дейінгілермен жеке әңгіме жүргізсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Қ. Бекеновке жүктелсін.

7. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы әкімдігі
Денсаулық сақтау басқармасы
"Қарасу аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорны бас дәрігерінің
міндетін атқарушысы

_____ М. Манькевич

"Қостанай облысы Қарасу
ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

_____ А. Мұқашев

Қостанай облысы әкімдігі
Денсаулық сақтау басқармасы
"Октябрь селолық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны бас
дәрігерінің міндетін
а т қ а р у ш ы с ы

_____ Р. Ильясова